

Кеден комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 16 мамырдағы N 694. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Кеден комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 сәуірдегі N 2160 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Кеден комитеті (бұдан әрі - кеден комитеті) және оған тікелей бағынысты облыстардағы Алматы және Ленинск қалаларындағы басқармалар, сондай-ақ кедендер, облыстық бағыныстағы аудандар мен қалалардағы кеден бекеттері Қазақстан Республикасы кеден органдарының бірыңғай жүйесін құрайды және республикалық бюджет есебінен ұсталынады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. Атауынан және 1-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.08.20.N 1031 қаулысымен. P961031_

2. Кеден комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің таратылған Бас кеден басқармасының құқықтық мұрагері болып саналсын. Кеден органдары қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу және материалдық ынталандырудың бұрынғы тәртібі мен шарттары сақталсын (4 қосымшалар).

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1033 қаулысымен. P961033_

3. Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, Қаржы министрлігімен Экономика министрлігімен келісілген Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті туралы ереженің жобасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

4. Кеден комитетінің кеден органдары қызметкерлерінің жалпы саны 6333 адам, оның ішінде:

Кеден комитетінің орталық аппараты - 230 адам (ғимаратты күзететін және оған қызмет көрсететін қызметкерлерді қоспағанда);

Кеден комитетінің кеден органдары - 6103 адам болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орталық аппарат қызметкерлерінің саны 165 адамға; кеден органдары қызметкерлерінің саны 6633 адамға қысқартылсын.

*ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.08.20.
N 1 0 3 3 қаулысымен.*

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден комитетін ұстауға қажетті қаражат бөлін.

8. Кеден комитеті орталық аппаратының құрылымы бекітілсін (5 қосымша).

9. Кеден комитетіне Төрағаның 4 орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары, сондай-ақ құрамында 9 адам бар алқасы болуына рұқсат етілсін.

10. Кеден комитеті төрағасының лауазымы көліктік, медициналық және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасы министрінің лауазымына, ал Төраға орынбасарларының лауазымдары - министрдің орынбасарларының лауазымына теңестірілсін.

Облыстар бойынша кеден басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарларына санаториялық-курорттық қызмет көрсету мемлекеттік басқару органдарының облыстық органдары басшыларына белгіленген шарттарға сай жүзеге асырылсын.

11. Кеден комитетінің орталық аппараты үшін 9 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті, оның 7-і - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қызметтік автомобиль лимитін қысқарту есебінен белгіленсін.

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден комитетіне белгіленген тәртіппен 7 жеңіл автомобиль беретін болсын.

13. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы мекемелерінің басшы және жедел құрамының киім нысандары туралы Ереже және нысандық киім, аяқкиім заттары мен жабдықтарын киіп және тағып жүру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 мамырдағы N 344 қаулысымен бекітілген Кеден комитеті қызметкерлеріне арналған нысандық киім, аяқкиімді киіп жүрудің және онымен қамтамасыз етудің тәртібі мен ережелері сақталсын.

14. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің таратылған Бас кеден басқармасының пайдалануында болған мүліктер мен қызметтік ғимаратты Кеден комитетінің балансына тегін берсін.

15. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Алматы қаласы әкімінің келісуі бойынша екі ай мерзім ішінде оның орталық аппарат қызметкерлерін орналастыру үшін қосымша қызметтік үй-жайларын бөлуді қамтамасыз етсін және осы ғимараттарға іргелес жатқан аумақты басқа ұйымдар пайдалануға тиіс еместігін айқындасын.

16. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Кеден комитеті кеден органдарының қызметкерлерін шет елдерге қажетті көлемде оқуға

жіберсін, оларды оқыту мен тәжірибеден өткізу жоспарына енгізетін болсын.

17. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден статистикасын жүргізудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес кеден қызметінің автоматтандырылған жүйесін құру және кеден статистикасын жүргізу үшін бюджетте қажетті қаражат бөлуді көздейтін болсын.

18. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Еңбек министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Кеден комитетіне қызметте пайдалану үшін өздері шығаратын нұсқамаларды, сілтемелерді және нормативтік сипаттағы басқа да ведомстволық актілерді жіберіп отырсын.

19. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі Кеден комитетіне және оның жергілікті мекемелеріне тұрғын үйлер, қызметтік үй-жайлары мен әлеуметтік-тұрмыстық маңызы бар объектілерді салуға жыл сайын қаражат бөлуді көздейтін болсын.

20. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Кеден комитетімен бірлесіп, бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Кеден комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 сәуірдегі N 2160 Жарлығына сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 16 мамырдағы

N 694 қаулысына

1 Қосымша

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы Кеден комитетінің орталық аппараты
басшыларының, басшы қызметкерлері мен мамандарының
Лауазымдық жалақылары

Лауазымы

| Айлық лауазымдық
жалақы(теңге есебімен)

Комитет төрағасы

4200

Төрағаның бірінші орынбасары	4000
Төрағаның орынбасары	3700
Басқарма, дербес бөлім бастығы кеңесші	3400
Басқарма, дербес бөлім бастығының орынбасары	3100
Басқарма ішіндегі бөлім бастығы	2800
Төрағаның көмекшісі	2650
Бас инспектор	2600
Басқарманың ішіндегі бөлім бастығының орынбасары	2700
Жетекші инспектор	2400
Аға инспектор	1900
Инспектор	1750

Ескерту. 1-ші қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚРМК-нің 1995.07.11. N 948 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 16 мамырдағы
N 694 қаулысына
2 Қосымша

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы Кеден комитетінің кеден мекемелері
басшыларының, басшы қызметкерлерінің, мамандары
мен қызметкерлерінің
Лауазымдық жалақылары

		Айлық лауазымдық жалақы	
		(теңге есебімен)	
Лауазымы			
	облыстық	Республика	басқа
	кеден бас	шекарала-	кедендер
қармалары	рында	орна -	
		ласқан ке -	
		дендер	

Кеден бастығы	3100	3000	2900
Облыстық кеден басқармасы			
бастығының бірінші орынбасары			2800
Облыстық кеден басқармасы			
бастығының орынбасары			2700

Кеден бекетінің бастығы	2500	2500	2500
Дербес бөлім бастығы, бас бухгалтер	2300	2300	2300
Бөлім (шаруашылық және басқа) бастығы	1900	1900	1900
Бас инспектор	1700	1700	1700
Аға инспектор	1500	1500	1500
Инспектор	1400	1400	1400
Архив, кеңсе меңгерушілері	1500	1250	1250
Шаруашылық, қойма меңгерушілері;			
кассир	1100	900	900
I санаттағы машинка басушы	1100	1100	1100
II санаттағы машинка басушы,			
хатшы-машинка басушы	800	800	800
Іс қағазын жүргізуші, архивариус	650	650	650

Ескерту. 2-ші қосымша толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.07.11. N 948 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 16 мамырдағы
N 694 қаулысына
3 Қосымша

ЕСКЕРТУ. 1,2,3-қосымшалар күшін жойды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1033 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының **Министрлер Кабинеті**
жанындағы Кеден комитетінің аппараты қызметшілерінің
Лауазымдық жалақылары

Лауазымы	Айлық лауазымдық жалақы (теңге есебімен)
Архив, кеңсе меңгерушілері	1500
Машинка басу бюросының, көшіру-көбейту бюросының меңгерушілері	1250
Шаруашылық қойма меңгерушілері - кассир	1100
Комедант	800
I санаттағы стенографияшы	1250
II санаттағы стенографияшы, I санаттағы машинка басушы	1100
II санаттағы машинка басушы, хатшы-машинка басушы	800

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 16 мамырдағы
N 694 қаулысына
4 Қосымша

ЕСКЕРТУ. 4-қосымшаның атауынан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің
жанындағы Кеден комитетінің кеден органдары
қызметкерлерінің дербес атақтары бойынша
Жалақылары**

Дербес атағы				Дербес атағы бойынша жалақы(теңге есебімен)
Кеден қызметінің толық мемлекеттік кеңесшісі				1900
Кеден қызметінің	I	дәрежелі	мемлекеттік кеңесшісі	1750
Кеден қызметінің	II	дәрежелі	мемлекеттік кеңесшісі	1630
Кеден қызметінің	III	дәрежелі	мемлекеттік кеңесшісі	1480
Кеден қызметінің I дәрежелі кеңесшісі				1350
Кеден қызметінің II дәрежелі кеңесшісі				1250
Кеден қызметінің III дәрежелі кеңесшісі				1180
Кеден қызметінің I дәрежелі инспекторы				1080
Кеден қызметінің II дәрежелі инспекторы				1000
Кеден қызметінің III дәрежелі инспекторы				900

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 16 мамырдағы
N 694 қаулысына
5 Қосымша

Ескерту. 5-ші қосымша күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.08.29. N 1195 қаулысымен.